КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2025 жылғы 5 қаңтар іс №1013-24-00-2/3077 Семей қаласы

Абай облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
судьясы С.Ш. Туратпаев,
қойылған талап қою бойынша оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің «Қазақстан Республикасының Ұлттық ядролық орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
Дара кәсіпкер Ернар Рахатұлы

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы ретінде тану туралы;

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 223-226-баптарын басшылыққа алып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің «Қазақстан Республикасының Ұлттық ядролық орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорның дара кәсіпкер Ернар Рахатұлыны мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюы – қанағаттандырылсын.

Дара кәсіпкер Ернар Рахатұлы мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Дара кәсіпкер Ернар Рахатұлынан мемлекет пайдасына 1846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік бажы өндірілсін.

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге наразы тарап осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін Абай облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Абай облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы бір ай мерзімде апелляциялық шағым беруі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья **С.Ш.Туратпаев**

Құжатқа қол қойылған: Туратпаев С. Ш., 05.01.2025

Заңды күшіне енген күні: 17.02.2025, судья Туратпаев С. Ш., 17.02.2025

«ТӨРЕЛІК» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ
- Сот өндірісі -
ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК»
- Судопроизводство -